

Телеужанов С.К.

**Бағыныштылық тәртібіне және әскери қызметшілердің жарғылық ережелеріне қарсы қол сұғатын әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі**

Бұл мақалада бағыныштылық тәртібіне және әскери қызметшілердің жарғылық ережелеріне сай қарым-қатынастарға қол сұғатын әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігіне тоқтала отырып, әскери қызметшілердің бір-бірінің құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, командирлер мен үлкендерге реттілік пен тәртіпті ұстауда жәрдемдесу міндеттері көрсетілген, себебі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялайды, осыған орай, адам құқықтары мен бостандығы, оған қол сұғылмаушылығы, заңмен қорғалуы басты назарда тұрғандығы осы мақалада баяндалған.

**Түйін сөздер:** қылмыс, әскери қылмыстық құқық бұзушылық, әскери жарғы, қылмыстық жауаптылық, жаза, құқық, жарғыға қарсы қатынастар, құқықтық қатынас.

Teleuzhanov S.K.

**Concept of criminal offences related to the missequencing of subordination and regulation rules of mutual relations among servicemen**

In this article the questions of order of subordination and regulation mutual relations are considered among servicemen, where exposed are concepts of responsibility and prophylaxis of criminal offence in a kind violation of regulation rules of mutual relations between servicemen in default of between them relations of subordination, expressed in causing of beatings, infliction of easy harm to the health or another violence or related to humiliation of honour and dignity or with a mockery above a victim, because in accordance with Constitution Republic of Kazakhstan asserting itself the democratic, society, legal and social state, higher values that be man, his life, right and freedom

**Key words:** In this article the questions of order of subordination and regulation mutual relations are considered among servicemen, where exposed are concepts of responsibility and prophylaxis of criminal offence in a kind violation of regulation rules of.

Телеужанов С.К.

**Понятие уголовных правонарушений, связанных с нарушением порядка подчиненности и уставных правил взаимоотношений среди военнослужащих**

В данной статье рассмотрены вопросы порядка подчиненности и уставных взаимоотношений среди военнослужащих, где раскрыты понятие, ответственность и профилактика уголовного правонарушения в виде нарушений уставных правил взаимоотношений между военнослужащими при отсутствии между ними отношений подчиненности, выразившихся в нанесении побоев, причинении легкого вреда здоровью или ином насилии либо связанное с унижением чести и достоинства или с издевательствами над потерпевшим, так как в соответствии с Конституцией Республика Казахстан, утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы.

**Ключевые слова:** преступление, воинское уголовное правонарушение, воинский устав, уголовная ответственность, наказание, право, неуставные взаимоотношения, право, правоотношение.

**БАҒЫНЫШТЫЛЫҚ  
ТӘРТІБІНЕ ЖӘНЕ  
ӘСКЕРИ  
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ  
ЖАРҒЫЛЫҚ  
ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ  
ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘСКЕРИ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ  
ТҮСІНІГІ**

Республикамызда әскери қызмет атқарудың тәртібі еліміздің Конституциясында, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заңында, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арнайы жарғыларында, басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген. Сол себепті еліміздің әскери қоғамымыздың ажырамас бөлігі болып табылады. Әлеуметтік, экономикалық және басқа да жағдайларға байланысты әскери қызметшілер арасында құқық бұзушылықтардың да жиі орын алатындағы сөзсіз.

Сондықтан да әскери құқық бұзушылық Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, оның ішінде Ұлттық ұланына ғана емес, сонымен қатар мемлекетке де кері әсерін тигізетін келеңсіз жағдай болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 18 тарауы «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады, яғни әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ запастағы азаматтардың жиындар өтуі кезінде әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы осы тарауда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауы әскери қылмыстар деп танылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібін реттейтін қоғамдық қатынастар осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі болып табылады.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың тағы да бір өзіндік белгісі оның арнаулы субъектісінен көрінеді, яғни әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілер мен жиындардан өту кезінде әскери қызмет атқарушы запастағы азаматтар әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі болып табылады.

Осы нормада қылмыс объектісі мен субъектісінің өзіндік ерекшеліктерін көрсету арқылы әскери қылмыстардың

түр сипаттық белгілерін қарастыруға көзқарас сақталған деп көрсеткен өз еңбегінде С. Молдабаев [1].

Жалпы әскери қылмыстар ұғымы әскери қылмыстық заңнаманың жалпы қылмыстық заңнамаға кіргізілуіне де қарамастан салыстырмалы түрде дербес екенін көрсетеді. Әскери қылмыстық заңнама әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты құрамымен қатар өзінің ерекше жалпы бөлімі әскери қылмыстық құқық бұзушылық түсінігін де қамтитын қылмыстық кодекстің бірегей тарауы болып табылады. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар әскери құқық тәртібіне қол сұғушылық болатынымен сипатталады және әскери ортаға, жалпы ҚР Қарулы Күштеріне ерекше қауіп төндіреді.

Әскери қылмыс түсінігі қылмыстық заңмен тұжырымдалған жалпы қылмыс түсінігінің бір түрі болып табылады.

Әскери қылмыс негізінен іс-әрекет болып табыла отырып барлық қатынастарға тән белгілерімен: қоғамға қауіп төндіруімен, қылмыстық заңсыздығымен, кінәлі болуымен және оған жаза берілетіндігімен сипатталатындығымен көрсетіледі, – деп тоқталған өз еңбегінде З.О. Ашитов, Б.З. Ашитов. [2]

Бұл көзқарасқа келіспеуге болмайды деп есептеймін, себебі кез келген құқыққа қайшы әрекет қоғамдық қауіптілігімен, кінәлілігімен, жазаланушылығымен ерекшеленеді, яғни бұлар әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарға да тән.

Қазіргі қолданыстағы ҚК 10-шы бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді. Сондықтан да әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар өзіндік қасиеттерге ие, себебі жоғарыда тоқталып өткендей ҚК 18-тарауында аталған әрекеттер мен әрекетсіздіктер әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар арнаулы қылмыстық-құқықтық заңсыздығы олардың қоғамдық (әскери) қауіптілік сипаты бойынша өзіндік ерекшелігінің заңдық көрінісі болып табылады.

Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 6 Нормативтік қаулысына сәйкес «Әскерге шақыру бойынша не келісім-шарт бойынша Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер ғана, сондай-ақ запастағы

азаматтар әскери жиындардан өту кезінде, әскери қылмыс субъектілері болып табылады, сонымен қатар, егер қылмыстық әрекеттер әскери қызметті өткеру кезінде жасалса және қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдері өтпеген болса, адам әскери қылмысы үшін әскери қызмет аяқталған соң да қылмыстық жауапқа тартылуға жатады» – деп айқын көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Ішкі қызмет жарғысының 2 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматтары заңнамада белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларына сәйкес әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткереді немесе әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт бойынша ерікті түрде әскери қызметке кіреді» деп көрсетілген [4]. Сондықтан да әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісінің ерекшелігі осында екенін көруге болады.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішіндегі жарғы ережелерін бұзу әрекеттеріне тоқталатын болсақ, қолданыстағы ҚР ҚК-нің 440-бабына сәйкес әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу деп ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру немесе өзге де күш қолдану, не ар-ожданы мен қадір-қасиетін кемсіту немесе жәбірленушіні масқаралауға байланысты құқыққа қайшы әрекеттерді айтамыз.

Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарды сонау Кеңес заманынан бастап заңгерлер «казармалық бұзақылық» деп аталып келген. Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде бір-біріне бағынбайтын, бір уақытта әскер қатарына шақырылған сарбаздар болмашы себептермен, өзінің дене күшінің басымдығын көрсету мақсатында бір-бірін ұрып соғып, немесе өзге күш қолданып жәбірленушілердің және әскери құрылымның құқықтарын бұзады. Кей жағдайларды мұндай әрекеттер өте ауыр зардаптарға әкеп соқтырады, оның ішінде адам өліміне әкеп соқтыратындығы алаңдатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және

әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген [5]. Осыған орай, адам құқықтары мен бостандығы, оған қол сұғылмаушылығы, заңмен қорғалуы елімізде бірінші кезекте тұр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Ішкі қызмет жарғысының 15 бабына сәйкес «Әскери қызметшілер бір-бірінің құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, командирлер (бастықтар) мен үлкендерге реттілік пен тәртіпті ұстауда жәрдемдесуге міндетті. Қызметтестері арасындағы жалпы әскери жарғылармен айқындалған өзара қарым-қатынас қағидалары бұзылған жағдайда әскери қызметші дереу өзіне берілген құқықтар мен міндеттер ауқымында жарғылық реттілікті орнатуға шаралар қабылдауға, өзінің тікелей бастығына, ал ерекше қажет болған жағдайда үлкен бастыққа баяндауға тиіс және де әскери қызметшімен болған, оның міндеттерін орындауына ықпал ететін барлық жағдайлар мен оған жасалған ескертулер туралы ол өзінің тікелей бастығына баяндауға міндеттілігі» көрсетілген [4].

Еліміздің Конституциясына сәйкес «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды және әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройының қорғалуына құқығы бар» делінген.

Осы әрекеттердің қоғамға қауіптілігі жеке құрамның бірлігі мен мемлекеттің қауіпсіздігін әлсірете отырып, әскери іс шаралар мен алға қойылған тапсырмалардың орындалуын бұзуға әкеп соқтырады. Алға қойылған тапсырмаларды орындауда әскери қызметшілердің бір-біріне қолдау көрсетуі оң нәтиже беретіндігімен сипатталады. Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде жарғы ережелерін бұзу әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігі осымен түсіндіріледі.

Осы қылмыстың қоғамдық қауіптілік деңгейі жеке тұлғаға келтірілген зардаптары мен залалына байланысты болып келеді.

Аталмыш қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болып – әскери қызметшілер

арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларының бұзылуы және жәбірленуші әскери қызметшілердің тұлғасы, өмірі, денсаулығы, қадір қасиеті мен ар ожданы болып табылады.

Осыған орай А.Ж. Кемельхановтың көзқарасына тоқталып кеткен де жөн, яғни ол әскери қызметшілердің әлеуметтік деңгейі, оның қоршаған әскери ұжымдағы алатын және алғысы келетін орнының жағдайларымен сипатталады дейді [6, 62 б.].

Әскери қызметшілердің адамгершілік беделі олардың міндетіне байланысты әскери антын қатаң сақтауы, патриотизм сияқты түсініктерді қалыптастыра отырып, ұлтына, адалдығы мен тәртібіне байланысты әскери қызметшілер арасындағы достықтың нығаюын қалыптастырудан көрінеді. Дәл осындай жағдайлар арқылы әскери ұжым әрбір әскери қызметшіні бағалайды.

Осыған байланысты кез келген адамның қадыр қасиеті оның туылғанынан пайда болады және олар әлеуметтік және құқықтық жағдайларға қарамастан қалыптасады.

Әскери соттар осы санаттағы қылмыстардың жасалуы себептерін талдағанда сотталғандардың жеке басының кемшіліктері, яғни адамшылық қасиеттерінің, мәдениеттілігінің төмен дәрежеде болуы салдарынан өзін өзге жауынгерлерден артық санап, күшіне сеніп, әлімжеттілік жасайтындығы, сөйтіп әскери бөлімде, әскери ұжымда қалыптасқан, баршаға ортақ әскери тәртіпті бұзғанынан көрінетіндігін ескерген. Бұл қылмыстардың қауіптілігі ол әскери құрылымдарда, бөлімдерде орнатылған белгілі бір тәртіпті, іс әрекеттердің ретін бұзатындығы, сөйтіп сол әскери құрылымдардың алдына қойылған мақсаттарын орындауға кедергі келтіргендігінен туындайтындығын ҚР Әскери сотының судьясы М. Мольшев айтып өткен болатын [7, 11 б.].

Осыған орай, мен де әскери қылмыстық құқық бұзушылық әскери тәртіптің нығаюына, сақталуына нұқсан келуінен туындайтынына қосыламын.

Материалдық залал келтіруге байланысты құқық бұзушылық жасалған жағдайда әскери қызметші жауаптылықтың өзге де түрлеріне тартылуына немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға қарамастан, ерікті түрде немесе сот шешімі негізінде залалды өтейді.

Әскери қызметшіні жауаптылыққа тарту кезінде оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қы-

сым жасауға жол берілмейтіндігі заңмен кепілденген.

Сонымен, жазаланушылық бұл қоғамға қауіпті кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік үшін қылмыстық жауаптылықты көзделетін қылмыс белгілерін айтамыз.

Әскери қызметшілер әскери атағы мен лауазымына қарамастан, заң алдында тең және өзінің құқықтық жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген жауаптылықта болады.

Сонымен қатар әскери қызметшілер тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін тәртіптік жарғыда белгіленген реттілікпен тәртіптік жауаптылыққа тартылса, қылмыстық, әкімшіліктік және өзге де құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының тиісті заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшіліктік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады. Теріс қылық жасағанына байланысты тәртіптік жаза қолданылған әскери қызметші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықтың басқа да түрлерінен босатылмайды.

Айта келгенде, әскери қызметшілер арасындағы бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу қылмыстық құқық бұзушылықтарының объективтік жағы ар-ождан мен қадір-қасиетін кемсіту не жәбірленушіні масқаралауға бағытталған әрекеттермен сипатталады.

Сонымен қорыта келгенде, бір-біріне бағынышты емес әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастарын реттейтін жарғылық ережелерінің бұзылуы бұл бір әскери қызметшінің басқа әскери қызметшілерге қызметке байланысты, не қызметтік міндеттерін орындауы кезінде және де басқа жағдайлар барысында әскери ұжымға құрмет көрсетпеумен, бөлімшенің ішкі тәртібін өресіл бұзуға бағытталған күш көрсету әрекеттері болып табылады.

Ал күш қолдану – әскери қызметшіні ұрып соғу, денесін ауырту, масқаралау, ар-ождан мен қадір-қасиетін кемсіту, азық-түлікті, арнайы киім бұйымдарын және әскери қызметшілерге берілген заттар және өзге де қажеттілік мүліктерін алып қою немесе айырбас жасау түрлерінен көрініс табады.

#### Әдебиеттер

- 1 Молдабаев С.С. Әскери қылмыстар: практ.: оқу құралы. – Алматы: Өркениет, 2003. – 258 б.
- 2 Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Воинские преступления, причины и предупреждение. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 168 с.
- 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 6 Нормативтік қаулысы.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі №364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Ішкі қызмет жарғысы. 2016.02.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен. <http://online.zakon.kz>
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.
- 6 Кемельханов А.Ж. Ответственность за преступления против порядка подчиненности и уставных взаимоотношений между военнослужащими: дис. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2005. – С. 62
- 7 Мольшев М. Әскери қылмыстар үшін жауапкершілік // Сарбаз. – 2010. – 30 сәуір (№17). – 11 б.

#### References

- 1 Moldabaev S.S. Әскери қылмыстар: практ.: оқу құралы. – Алматы: Өркениет, 2003. – 258 б.
- 2 Ashitov Z.O., Ashitov B.Z. Voinskie prestupleniya, prichiny i preduprezhdenie. – Алматы: Zhety zharғы, 1998. – 168 s.
- 3 Kazakstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn 2005 zhylygy 28 kazandagy № 6 Normativtik kaulysy.
- 4 Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2007 zhylygy 5 shildedegi №364 Zharlygyмен bекitilgen Kazakstan Respublikasy Karuly Kushterinin, baska da askerleri men askeri kuralymdarynyn Ishki kyzmet zhargysy. 2016.02.02. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen. <http://online.zakon.kz>
- 5 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. 30 tamyz 1995 zhyl.
- 6 Kemel'hanov A.Zh. Otvetstvennost' za prestupleniya protiv porjadka podchinennosti i ustavnih vzaimootnoshenij mezhdu voennosluzhashhimi: dis. ... kand. jurid. nauk. – Алматы, 2005. – S. 62
- 7 Molyshhev M. Әскери қылмыстар үшін жауапкершілік // Sarbaz. – 2010. – 30 сәуір (№17). – 11 б.